

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ)

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.04.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/36223/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ұлттық бірыңғай тестілеу — жоғары оқу орындарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны.

ҰБТ — ағымдағы жылы мектеп бітіруші түлектер үшін.

Өткізу формасы: тестілеу.

Өткізілетін орны: тест өткізу пункттері.

Өткізу мерзімі: Өтініш қабылдау — 10.03-10.05.

Тестілеу — 20.06 — 01.07.

Бақылаушылар: Министрлік өкілдері.

Апелляция: қарастырылған.

ҰБТ форматы: 5 пән (Зміндетті + 2 таңдауы бойынша).

Барлық тест тапсырмалар саны —120.

Тестілеудің жалпы уақыты: 3 сағат 50 минут (230 минут)

	Тестілеу пәндері	Тапсырмалар саны	Тапсырмалар формасы	Бағалау формасы
1 блок	Математикалық сауаттылық	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Оқу сауаттылығы	20 (4 мәтін)	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
	Қазақстан тарихы	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл

2 блок	1 бейінді пән	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көп жауаптың ішінен бірнеше дұрыс жауабы бар	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл
	2 бейінді пән	20	Берілген бес жауаптың біреуі дұрыс	1 дұрыс жауап = 1 балл
		10	Көп жауаптың ішінен бірнеше дұрыс жауабы бар	Барлық дұрыс нұсқаны таңдау – 2 балл Бір қате (бірнеше дұрыс жауаптан 1 қате кетсе) – 1 балл 2 немесе одан көп қате – 0 балл

Жоғары балл саны: 140

Шекті деңгей балы: 50

Бейінді пәндер таңдайтын мамандыққа байланысты таңдалады

Шекті балды алмаған жағдайда, ақылы негізде оқуға түсу үшін тестілеуді қайта тапсыру қарастырылған (тамыз 2017).

ҰБТ мен КТ бейінді пәндері көрсетілген жоғары білімнің мамандықтар тізбесі

ҰБТ мен Кешенді тестілеудің жаңа форматы бойынша мектеп түлектері 5 пәннен тест тапсырады. Олардың 3-еуі барлық жоғары білім мамандықтарына түсу үшін міндетті пәндер болып табылады, ал қалған 2 пән әрбір нақты мамандықтарға сәйкес болады (бейіндік пәндер).

ҰБТ немесе Кешенді тестілеуге қатысқысы келетіндер емтиханға дайындық барысында байқау-сынақтарынан онлайн және бланк арқылы тестілеу бойынша өтуіне болады. Бланк арқылы тестілеу түріндегі байқау-сынақтарынан ҰТО филиалдарында, ал онлайн режимдегі байқау-сынақтарынан ҰТО сайтында өтуге болады.

Таныстыру мақсатында Сіздердің назарларыңызға ҰБТ мен КТ бейінді пәндері көрсетілген жоғары білімнің мамандықтар Тізбесін ұсынамыз. Сіз жоғары білім мамандықтарының ішінен кез-келген мамандықты таңдап, соған сәйкес тестілеуден өтуге арналған бейіндік пәндерді таба аласыз.

Бейінді пәндер комбинациясы			
№	1 бейінді пән	2 бейінді пән	мамандықтар саны
1	математика	физика	52
2	математика	география	18
3	биология	химия	23

4	биология	география	12
5	шет тілі	дүниежүзі тарихы	9
6	география	шет тілі	4
7	дүниежүзі тарихы	Адам. Қоғам. Құқық	5
8	дүниежүзі тарихы	география	7
9	химия	физика	5
10	қазақ тілі / орыс тілі	қазақ әдебиеті / орыс әдебиеті	5
11	шығармашылық емтихан	шығармашылық емтихан	34

Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесі өзгерістер және толықтырулармен

**Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары
Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы**

© <http://www.testcenter.kz>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.